

*Бал - Аут* бобекжай - бақшасы

# «Кошкелдің, Жана жыл»

Тобың «Балдаус» ерсек тобы  
Төз сарбисшікі Г. Бейсова Г.  
Уристемова С.

2024 – 2025 оку жылы

**Ертөнгілік тақырыбы:** «Қош келдің, Жаңа Жыл!»

**Өтілестін күні:** 26.12.2024ж

**Топ:** «Балауса» ересек тобы.

**Ертеңгілік мақсаты:** балаларға бұл мерекенің дүние жүзі бойынша барлық халықтың үлкен қоңілмен қарсы алатын ерекше мереке екенін үгындыру. Жана әндер, тақпактар жаттату, би үйрету.

**Ертеңгілік көрнекілігі:** жаңа жылдық шырша, түрлі-түсті шарлар, жылтыр жіппелер, жаңа жылдық суреттер.

**Қатысуышылар:** әр түрлі маскарад киімін киген балалар, Қасқыр, Тұлкі, Қоян, Аю, Аяз ата, Ақшақар, Жаңа жыл, жүргізуши.

**Отілу барысы:** Музика әуенімен қолдарына бұлғап бұлдіршіндер шығады.

**Жүргізуши:** Бізде бүгін ерекше күн, біз Жаңа жыл мерекесін тойлайын деп келдік. Бізге қонактар келіпті. Құрметті қонактар, Жаңа жыл мерекесіне арналған ертеңгілігімізге қош келдіңіздер

**Жүргізуши:** Енді не істедік балалар? Біздің дайындаған өлеңіміз бар еді ғой балалар. Соны айтсақ бәлкім шырша жаңып қалар?!  
(шырша жанбайды)

**Жүргізуши:** Енді қандай амал колдансақ еken балалар?

**Қоян:** Мен білемін, шыршаны жағу үшін Аяз атанаң сыйқырлы таяғы керек. Мен орманды аралап келдім, жолды жаттап алдым. Сендерді Аяз атага алып барамын. Жүріндер мына жаққа барып Аяз атана іздеп қайтайык.

**Жүргізуши:** Қоянжан, біздің балалар саған өз өнерлерін көрсетеді.

**Тақпактар:**

**Аслан**

Тамаша, тамаша!  
Шыршамыз түр жараса.  
Басында әсем жүлдизы  
Көз тоймайды караса.

**Інкәр**

Безендіріп шыршаны  
Жыл қуантты баршаны.  
Той-маскарад басталды,  
Аяз оны басқарды.

**Саламат**

Алпак тонға оранып,  
Базарлықты мол алып.  
Келді алыс сапардан,  
Аяз ата оралып.

**Дінімұхаммед**

Жаңа жыл, жаңа жыл.  
Жаңа жылда-жаңа жыр.  
Жасыл шырша жанында  
Би билеп барлық бала жүр.

**Сырим**

Жана жыл Жаңа жыл.  
Жаңа жылға жаңа жыр  
Жасыл шырша жанында  
Билеп барлық бала жүр  
**Би:** «флешмоб би»

**Рауана**

Аяз ата келіп түр.  
Бізге сәлем бері түр.  
Сақалының ұзын – ай,  
Кесіп алсам шіркін-ай.

**Жүргізуші:** Коян, саған біздің балалардың би ұнады ма?

**Коян:** Иә, ете өнерлі балалар екен.

**Жүргізуші:** Эн шыршаға бардық.

**Жүргізуші:** Қасеке, бізге қонаққа кош келдің. Ашуынды басып біздің балалардың өнерін тамашала.

**Қасқыр:** Олай болса сендердің балаларың ойын ойнай ала ма? Балалардың шапшаңдығын тексеріп көрейін.

**Ойын:** «Көңілді орындық»

(Шарты: Көңілді әуен ойналады, ортаға 5 бала шығады. 5 балаға 4 орындық койылады, әуен токтаға орындықтарға қатысушылар отырып үлгеру керек.)

**Жүргізуші:** Олай болса Қасеке сенде бізben бірге Жана жылды қарсы ал. Біздің балалар тек шапшаң емес, әрі өнерлі. Біздің Аяз атага арнаған такпактарымыз бар.

### Аяла

Аяз –ата ақ сақалды,  
Ақ таяқты паң ата,  
Асып өтіп аскар тауды  
Жеттің бізге таң ата

### Айшабибі

Оралдың өлкеме,  
Жана жыл армысын.  
Оранды ақ көрпеге,  
Аскар тау, карлы шың.

### Медина Куандық

Жылдың әнін бастайын,  
Аяз- Ата кеп калды.  
Майысады жас қайын,  
Көтере алмай көп карды.

### Асылым

Жана жылым мол болсын  
Басқан кадам оң болсын  
Төрле, төрле жана жыл  
Бізге құтты жол болсын.

### Әлімжан

Көрдіңбе Аяз атаны  
Аппак екен сақалы,  
Аппак екен мұртыда  
Аппак екен шапаны.

### Айғаным

Бүгін біз көңілдіміз  
Жана жылды қарсы алып  
Мерекеге келгендерді  
Құттықтаймыз ән салып

### Айсұлтан.

Ән саламыз ,би билеп  
Жырдан шашу төгілді,  
Бүгін біздің Жана жыл  
Қандай қызық көңілді.

### Мұсілім

Аяз ата жол салып.  
Ақ боранмен алысқан  
Балаларға базарлық  
Алып келді алыстан

**Жүргізіші:** Сәлеметсің бе, тұлқі жан?! Неге көңілсізсін?

**Тұлқі:** Мен сыйлық толы қоржынды тауып алдым, бірақ аша алмай отырмын.

**Жүргізуші:** Бұл Аяз атаның қоржыны емес пе? Бұны тек Аяз атағана аша алады. Сенің көңіл күйінді көтеру үшін біздің балалар саған арнап би билеп берсін.

**Би:** «Жана жылдық флешмоб» Ұлдар би.

**Жүргізуши:** Тұлкі жан, көнілің көтерілді ме? Олай болса Аяз атаны бірге іздейік сонда гана сыйлықты аша аламыз.

(Сапарлары ары қарай жалғасады. Бұл жолы Ақшакарды кездестіреді.)

**Жүргізуши: Сәлеметсізбе Ақшакар: Аршат**

Такпактар:

Кыстың күні көнілді  
Көп кызыкты көреміз  
Шығып алып далага  
Сырғанакты тебеміз

Айда  
Тамаша, тамаша  
Шыршамыз тұр жараса  
Жаңа жылда ертегі,  
Келеме біздің бакшага

Айжан

Хакназархан  
Шанамызга мінеміз,  
Мәз-мәйрам боп күлеміз  
Жарысамыз бәріміз  
Жарасып тұр сәніміз

Корықпаймыз аяздан  
Шымшыса да бетімді  
Аппақ қарды кешеміз  
Киіп алып етікті

**Ақшакар :** Сәлеметсіздер ме! Сіздер Аяз атаны көрген жоксыздар ма?

Коржының жогалтып, соны іздеу үшін орманга кетіп еді.

**Жүргізуши:** Жок біз кездестірмедік, бізде Аяз атаны іздең жолға шыктык.

**Ақшакар:** Олай болса мен бір биімді билеп, Аяз ата менің әүенімді естіп өзі келер.

**Би:** «Жаңа жыл» би

(Аяз ата жана жылды ертіп кіріп келеді, ата-аналармен көнілді ойын ойнайды, сыйлықтарын таратады)

**Жүргізуши:**

Жана жылды карсы алып,  
Жасаймыз той жылда біз.  
Жарқын, жарқын ән салып,  
Жалғасады жылға жыл.

Жана жылда алдағы,  
Көніл өсіп кенейсін.

Ортак ойы арманы,  
Жақсы дәстүр көбейсін- деп бүтінгі «Балауса» тобының «Қош келдін,  
Жаңа Жыл!» атты ертеңгілігі осымен аяқталды. Сіздерге көп-көп рахмет!

